

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ  
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МҰРАЖАЙЫ



# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАННЫҢ ОРНЫ

халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
2-3 сәуір, 2015 жыл, Түркістан қаласы.



# РОЛЬ ТУРКЕСТАНА В ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

международная научно-практическая конференция  
2-3 апреля 2015 года, г.Туркестан.



**АРЫНҒАЗЫ ХАН ТҰТЫНҒАН ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ БҰЙЫМДАР:  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ҚОРЫ  
БОЙЫНША**

*Алмағайып аласапыран заманда өмір сүріп, елдің тұтастығы, жердің бүтіндігі үшін арыстандай арпалысып өткен көрнекті мемлекет қайраткері, көреген саясаткер, Кіші жүздің ханы Әбілғазыұлы Арынғазының(1786-1833) тұтынған заттары облыстық музей қорында өткеннің көзінде сол қалпы сақтаулы. Біздің мақсатымыз – Арынғазы хан тұтынған этнографиялық жәдігерлерді музей қоры деректері негізінде таныту.*

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорына ұлттық нақыштағы экспонаттар Арынғазы ханның ұрпағы Арынғазиев Ахметша Шайхысламұлы (1884-1968 жж) музейде ғылыми қызметкер болып қызмет атқарған 1940-1941 жылдары жақсы жинақталады.[1, 8 б. ] Бірақ, музей қорында аталған экспонаттардың сол жылдары түскенін растайтын құжаттар сақталмаған. Тек 1947 жылдан бастап тіркелген қабылдау актілерінен көре аламыз. Оған дәлел ретінде 1945-1946 жылдың қыс айларында музей өз жұмысын уақытша тоқтатқандығын [2, 7 б.] ескерсек, 1947 жылдан бастап, музей қорындағы құжаттардың жүйелі тіркеле бастағанын аңғарамыз.

Жоғарыда аталғандай Ахметше Арынғазиев музейдің ғылыми қызметкері болып істеген кездері өзінің әулетіне тән, бабалары қолданған отбасылық қазір барша қазақтың ортақ дүниесіне айналған асыл дүниелерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде өзіндік үлес қосқан. Ахметше Арынғазиевтің тапсырған дүниелері ХІХ ғасырға жататын сауыт, тостаған, ағаш табақ, құмған. Осылардың кейбіріне тоқталсақ:

Тік жағалы кіреуке сауыт – болат металдан жасалған. №1 негізгі қорға тіркеу кітабында: №549 тіркелу номердегі кіреуке сауыттың сақталуы қанағаттанарлық, ұзындығы-82см, биіктігі-48см, салмағы-8,6кг, бағасы 9 рубль деп көрсетілген.

Кіреуке сауыт (кіреуке) деген – пішімі қысқа жеңді жейде түрінде жасалып, түгелдей дөңгелек металл шығыршықтардан өрілген торлы сауыт. Кіреуке шығыршықты сауыттар тобына жатады. Кіреуке сауыттың жеңі шынтаққа дейін қысқа болады да, етегінің ұзындығы тізеге дейін болды, етегінің алды-арты жырылып, тік немесе қайырма жағалы болып тоқылады. Қазақ тілінде «кіреуке» сөзі селдір, торлы деген мағынаны білдіреді. Кіреуке сауыт көшпелі халықтарда І-мыңжылдықтың басынан, ғұн-сармат заманынан қолданыла бастаған. Әдетте кіреуке сауытты атақты батырлар, хан-сұлтандар киген [3, 183-184 б].

Қымыз күткен қазақ ыдысын да сыйлап ұстаған. Шара – көлемді келген шұңғыл



ыдыс. Қазақы ортада ыдыстың бұл түрі қымыз, шұбат, сүт секілді сұйықтық құюға пайдаланылған. Шараны ағаш шеберлері емен, қайың сияқты қатты ағаштан шауып және қайың безінен ойып жасаған. Дәстүрлі ортада Шараның қымыз, шұбатқа арналып жасалған түрлерінің сыртына түрлі ою-өрнектер ойылып, тіптен кейбірі күміспен безендірілетін болған. [3, 666 б] Қымыз шараның іші шұңғыл, өзі дөңгелек, жиегі тік болып келген. Шараның өзіне лайық қақпағына дөңгеленген шығыңқы тұтқасынан шеңберлі күн нұры төгілгендей етіп 148 дана металмен безендірген. Шараның өзіне металдан дөңгелентіп құрсау жасалып, оның астына екі жағына симметриялық металдан тұтқа орналастырылған. Сары қымыз, әсем шара ыдысты дастархан сәні, үйдің көркі, қолы берекелі әйелдің мәртебесі десе де болады. Шараның жалпы өлшемі 30x59x60,5 см. Қымыз шара №417 тіркелу номерімен облыстық музейдің негізгі қорында тіркелген. [4, 236]

Табак – дөңгелек пішінді жайпақтау келген ыдыс. Табак әртүрлі көлемде аса шұңғыл емес, ернеулі болып келеді. Табак негізінен емен, қайың сияқты қатты ағаштан тұтастай шабылып жасалады. Ет тартуға арналған табак жайпак әрі көлемді келеді және шара, зере сияқты ағаш ыдыстарға қарағанда табактың ерекшелігі – аса сәнделіп, бедер салынбайды. Оның түбі тегіс немесе тағаны барлары болады. [3, 311 б]. Музей қорындағы №405 тіркеу номерімен белгіленген XIX ғасырға жататын ағаш табак та (d-50см) ет тартуға арналған, жайпак, сәл шұңғыл, ернеулі болып жасалынған, түбі тегіс [4, 236].

Бұл бұйымдардың негізгі иесі – ұрпақтарының айтуы бойынша, кейін комиссияның шешімімен расталған Арынғазы Әбілғазыұлы (1786-1833). Ол - қазақ ордасының негізін қалаған Әз Жәнібек ханның үлкен ұлы Жәдік сұлтанның әулетінен тарайды, ақсүйекке тән тәрбие алған. Ол 1815 жылы Жанкент қаласында әкесі Әбілғазы қайтыс болғаннан кейін Кіші жүздің шығыс бөлігі руларының би, старшындары тарапынан хан танылған, бірақ патша үкіметі хандыққа бекітпей қойды. Арынғазы Әбілғазыұлы Кіші және Орта жүздерді біріктіріп, орталықтанған қазақ хандығын құруды көздеді. Оның жанындағы Хан кеңесінің құрамында әлім, арғын, қыпшақ, уақ, найман тайпаларының атақты билері мен батырлары болды. Арынғазы Әбілғазыұлы хандықтың әскери күшін нығайту шараларын алды. Оның құрамында жоғарыдағы бес тайпалық бірлестіктерден бес түмен жасақталды. Ол өз хандығын нығайту үшін Қоқан, Бұқар хандықтарымен, ал 20-шы жылдардың басында Хиуа хандығымен келіссөздер жүргізді. Сонымен қатар Орынбор генерал губернаторы Т.Эссенмен де тиімді қатынаста болғысы келді. Ол ішкі тәртіпті күшейтуге, руаралық дауларды шешіп, барымтаны тоқтатуға күш салды, салық салуды ретке келтірді. Кіші жүзде оның беделі өсе түсті. Кіші жүз ханы Шерғазы Айшуақов және Арынғазы Әбілғазыұлының немере ағасы Серғазы да бақталастықпен Арынғазыға қарсы әрекет жасады. Оны шекті, арғын, қыпшақ тайпалары қолдады. Бірақ патша өкіметі Хиуа сияқты оны дербес хан деп мойындамады.

1817 жылдың 16 тамызы мен 1819 жылдың 27 шілдесінде Кіші жүз бен Орта жүздің би-сұлтандары мен старшындары, барлығы – 388 адам губернатор Эссенге 1 Александр патшаның алдында Арынғазы Әбілғазыұлын Кіші жүздің ханы етіп тағайындау туралы арнайы хат жазған. Патша үкіметі Шерғазы арқылы



Арынғазының саясаты жөнінде толық хабардар болды, оның отарлық саясатқа тосқауыл болатынынан қауіптеніп, 1821 жылы шілдеде «Кіші жүзге хан етеміз» деген желеумен әуелі Орынборға, одан Санкт-Петербургке шақырды. Өкімет шешімін күткен Аринғазы мұнда екі жыл тұрды. Аринғазының беделін білген, Хиуамен қатынасты шиеленістіруге ұмтылған патша үкіметі оны 1823 жылы Калугаға жер аударды. [5, 275-276 б]

Арынғазы ханның қысқаша өмірі белгілі болғанымен, бұл заттардың дәл оның тұтынғаны тіркеу кітабына жазылмаған. Бізге белгілі болғаны хан тұқымы тапсырғаны музей қорында сақталған құжаттардан (хаттама) белгілі. Ел Тәуелсіздік алғаннан кейін 2003 жылы Аринғазы ханның 4-ші ұрпағы, оқу ісінің үздігі Роза Ахметшеқызы Аринғазиевамен бірлесіп жасалған комиссия құрылады. 2003 жылдың 24 қарашасында комиссия хаттамасына сай отырысқа 8 адам қатысқан. Олар тарихи ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы З.Б.Байдосов, Аринғазы ханның 4-ші ұрпағы – Аринғазиева Р.А. және облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері Е.Ж. Құрманбеков-Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры, Р.І. Илиясова – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің әдіскер-кеңесшісі, Ш.Т. Мұқашева – қор қызметінің жетекшісі, С.Ж. Сужикова – табиғат бөлімінің аға ғылыми қызметкері, Р.К. Досова – Өлке тарихын зерттеу бөлімінің жетекшісі, О.С. Өтепова – этнография бөлімінің жетекшісі, Б.Тұрлыбаева – қор бөлімінің аға ғылыми қызметкері.

Р.А.Арынғазиеваның хаттамада көрсеткендей - менің әкем Ахмедшені 1940 жылы музей директоры Д.Т.Темушка жұмысқа алған. 21-22 жасымда әкем мені музейге жиі ертіп әкелуші еді. Сол кезде әкем маған Аринғазы атаң Калугада қалды дейтін. Ол кезде музей қазіргі «Шығармашылық үйінің» орнында болды. Сонда музейден құман, табак, зерленген бешпентті және сауытты көрсетіп Аринғазы атаңдікі дейтін. Ол кездері мен онша мән бермейтінмін. Аталған заттарды әкем тапсырған. Оған құжат бар. Сондықтан, аталған заттар Аринғазы ханның дүние-мүліктері екені белгілі» деп атап көрсетеді. [6, 1 бет]

Осы хаттамада тарих ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы З.Б.Байдосов: «Арынғазыдан, Әбілғазыдан тараған ұрпақтар жөнінде де архивтерде құжаттар көп. 1819 жылы Аринғазы хан Елек бойын жайлаған. Менің ойымша 1940 жылдары Ахмедше осы заттарды тапсырған кезде музей ашуға әкелуі де мүмкін, болмаса мынау Аринғазы ханның тостағаны, сауыты т.б. заттары деп әкелсе өзіне қауіп төнетінін ойлауы да мүмкін. Сондықтан ол кісі мына қызым өсіп келеді. Көзіне көрсетіп, санасына құя берейін, түбінде осы қызым дәлелдер деп ойлап музейге де жиі келуі осындай ойдың түйіні болар. Бұның бәрі келешек ұрпақ үшін, болашақ үшін керек дей келіп Розаны әкесінің қолынан жетектеп әкеліп көрсеткенін ескере отырып Аринғазы ханның заттары деу керек. Бұл туралы ақпарат беттеріне беру керек», - деп мәлімдеме жасаған. Барлық қатысушылар өздерінің тарихи пікірлерін айтып, 24.11.2003 жылдың комиссия отырысының мүшелері жоғарыда айтылған деректерді негізге ала отырып, аталған заттарды (сауыт, тостаған, қымыз шара, ағаш табак, құман) Аринғазы ханның заттары деп қабылдауды және зерттеу, анықтау жұмыстарын жалғастыра беруге келісті. [6, 2-3 бет.]



Арынғазы ханның тұтынған заттары екендігін растайтын бұл құжатқа дейін, мәдениет қайраткері, көп жылдар облыстық музейдің директоры болған Рысжан Илиясқызы өзінің Қазына кітабында былай жазады: «Ахметша Аринғазиев сол кезде хан тұқымынан аман қалған жалғыз тұяқ болатын. Ол осылайша қымбат та, қимас мүлкіне орын тапқанын көңіліне медеу тұтты ма, әлде адамға зат та жау болған жылдары одан құтылғанына қуанды ма екен деп те ойлаймын...»[7, 176 б]

Ойымызды қорыта келе айтатынымыз: Жоғарыда айтқанымыздай облыстық мұрағат деректерінде сақталған 1929-1946 жылдарда музей директоры болған Д.Т. Темушканың естелігіне жүгінсек «Музейдің алғашқы ғылыми қызметкері болып төре тұқымы Ахметше Аринғазиев қызмет атқарды. Сол жылдары музей экспозициясында қазақтың ұлттық нақыштағы этнографиялық бұйымдары жарқырай түседі»[2, 176] дейді. Бұл жазылған мұрағат деректері Ахметше Аринғазиевтің 1940-1941 жж музейде қызмет атқарған жылдары аталған заттарды тапсырғанын, жоғары да айтқандай сол кездегі салқын саясаттың аталған экспонаттарды тапсырушыға тікелей әсерінің болуы және біз Аринғазы ханның тұтынған заттары деп отырған экспонаттардың барлығының да түр-сипаты ауқатты, беделді адамдардың пайдаланғандығын айтып тұр. Ең бастысы хан ұрпағы, халық ағарту ісінің үздігі Аринғазиева Роза Ахметшеқызының берген мәліметі тарихи дерек ретінде аталған бұйымдарды Аринғазы хан пайдаланғандығын растайды.

### Резюме

В статье рассматриваются личные предметы хана Младшего жуза Арингазы Абылгазыулы, хранящиеся в фонде Актюбинского областного историко-краеведческого музея.

### Summary

Is considered article the personal items by a khan of Younger Zhuz Aryngazy Abylgazyuly, kept in the fund Aktobe regional museum of history and local lore.

1. АОММ 497 қор, 1 тіркеу, 8 іс
2. Ғасырлар мұрасының шырақшысы. «Хабар-Сервис»ЖШС, Ақтөбе, 2014 жыл
3. Нұрсан Әлімбаев. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі//энциклопедия./Т.5-Алматы: Азия Арна,2014
4. АОТӨМ қорында сақтаулы дәстүрлі қазақ мәдениетінің этнографиялық бұйымдар каталогі. Ақтөбе: Хабар-Сервис ЖШС,2013
5. Ақтөбе энциклопедия «Отандастар-Полиграфия», Ақтөбе,2001
6. АОТӨМ Хаттама 24 қараша 2003 жыл.